3. Нысанды "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары (бұдан әрі - филиал) ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады.

4. Нысанның құндық көрсеткіштерін толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді. Пайыздағы көрсеткіштер үтірден кейін екінші таңбаға дейін көрсетіледі.

5. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

6. Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің есептеу әдістемелері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22231 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 17 ақпандағы № 32 қаулысына (бұдан әрі – Әдістемелер) сәйкес айқындалады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

7. 1-жолда Әдістемелердің 16-тармағына сәйкес есептелген "өмірді сақтандыру" және "аннуитеттік сақтандыру" сыныптары үшін төлем қабілеттігі маржасының ең төменгі мөлшерінің мәні көрсетіледі.

8. 2-жолда Әдістемелердің 17-тармағына сәйкес есептелген қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерінің мәні көрсетіледі.

9. 3-жолда Әдістемелердің 19-тармағына сәйкес есептелген өмірді сақтандырудың басқа шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерінің мәні көрсетіледі.

10. 4-жолда Әдістемелердің 20-тармағына сәйкес есептелген "жазатайым оқиғалардан сақтандыру", "ауырған жағдайдан сақтандыру" және "қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныптары үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерінің мәні көрсетіледі.

11. 5-жолда есепті кезеңдегі "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын филиал төлем қабілеттілігінің нақты маржасының мәні көрсетіледі.

12. 6-жолда есепті кезеңдегі төлем қабілеттігі маржасының ең төменгі мөлшері көрсетіледі.

13. 7-жолда төлем қабілеттілігінің нақты маржасының төлем қабілеттігі маржасының ең төменгі мөлшеріне қатынасына тең төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің мәні көрсетіледі.

қаулыға
6-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының өтімділігі жоғары активтері туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-PN_V

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Есепті ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан
(мың теңгемен)

№	Көрсеткіштің атауы	Баланс бойынша сума	Есепке алынатын көлем	Есептеу сомасы
1	2	3	4	5
1	Ақша – барлығы, оның ішінде:		X	
1.1	қайта сақтандыру активтерін шегергенде Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтан дыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы активтерінің сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын		100%	

	сомада кассадағы ақша			
1.2	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарындағы және орталық депозитарийдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы Қазақстан Республикасының бейрезидент-сактан дыру (қайта сактандыру) ұйымы филиалының ақшасы		100%	
	мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шорттардағы ақша: акциялары қор биржасының ресми тізіміндегі "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "премиум" санатына енгізілген немесе қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде тұрған эмитенттер болып табылады; Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "			

1.3	В"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар; Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас банктері Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент-еншілес банктері болып табылады	100%		
	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "В-" ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің			

1.4	бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-дан "kzBB"-ке дейін рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шорттардағы ақша		90%	
1.5	Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-дан төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі болған жағдайда Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарындағы ағымдағы шорттардағы ақша		100%	
1.6	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы		100%	

	Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының ақшасы			
2.	Резерв ретінде қабылданатын, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіндегі ағымдағы шотқа орналастырылған активтердің ең аз мөлшері		100%	
3	Салымдар, оның ішінде:		X	
3.1	эмитент болып табылатын осы банктердің акциялары қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңындағы "акциялар" секторында "премиум" санатына енгізілген немесе қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде болса деген шартымен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		100%	
	мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар: Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "В"-дан төмен емес			

3.2	ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар; Қазақстан Республикасының бейрезидент бас банктері Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-"-тен төмен емес ш е т е л валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент еншілес банктері болып табылады		100%	
	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "В-" ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің			

3.3	бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-дан "kzBB"-ке дейін рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		90%	
	тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14797 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу			

3.4	үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып а л а т ы н халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып а л а т ы н облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысында айқындалған, Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "АА-"- тан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қ а р ж ы ұйымдарындағы (бұдан әрі – халықаралық қаржы ұйымдары) салымдар,	100%	
-----	--	------	--

	Еуразиялық Даму Банкінде Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасындағы салымдар			
3.5	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банктердегі салымдар		100%	
3.6	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-дан төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі болған жағдайда Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарындағы салымдар		100%	
4	Борыштық бағалы қағаздар - барлығы, оның ішінде:		X	
	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі			

4.1	шығарған, оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		100%	
4.2	қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		100%	
4.3	акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыздарын сатып алатын заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар		100%	
4.4	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес "Қазақстан Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары		100%	

	шығарған борыштық бағалы қағаздар			
4.5	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызмет ететін қор биржасындағы жария сауда-саттықа жіберілген, қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін қор биржасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		90%	
	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімі "Баламалы" алаңының "			

4.6	борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы з а ң д ы тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары немесе " А с т а н а " халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген, қор биржасының ресми тізімі "Баламалы" алаңының " " борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін қор биржасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы з а ң д ы тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	60%		
4.7	(эмитентінің) Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша " BB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) ұлттық шкаласы бойынша " kzA-"-тен төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің	100%		

	бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары			
4.8	(эмитентінің) Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B"-қа дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB+"-дан "kzBBB+"-қа дейін рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес		85%	

	борыштық бағалы қағаздары			
4.9	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "АА"-тан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында номинирленген борыштық бағалы қағаздар		100%	
4.10	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары		100%	
4.11	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB"-ке дейін тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің		90%	

	бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ш е т мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары			
4.12	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B"-ке дейін тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ш е т мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары		80%	
4.13	(эмитентінің) Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің рейтингі бар ш е т е л эмитенттерінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		100%	
4.14	(эмитентінің) Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB"-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің рейтингі бар ш е т е л эмитенттерінің		85%	

	мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары			
4.15	(эмитентінің) Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "В+"-тен "В"-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің рейтингі бар ш е т е л эмитенттерінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		70%	
5	Акциялар және депозитарлық қолхаттар - барлығы , оның ішінде:		X	
	тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14797 болып тіркелген " Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары			

5.1	сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысында айқындалған негізгі қор индекстерінің (бұдан әрі – негізгі қор индекстері) құрамына кіретін Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен шетел эмитенттерінің акциялары және осы акциялар базалық активтері болып	100%	
-----	---	------	--

	табылатын депозитарлық қолхаттар			
5.2	қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімі "Негізгі" алаңының " акциялар" секторы " премиум" санатының талаптарына сай келетін заңды тұлғалардың акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар		100%	
5.3	қор биржасының ресми тізімі "Негізгі" алаңының " акциялар" секторы " стандарт" санатына енгізілген Қазақстан Республикасының резиденттері - заңды тұлғалардың акциялары немесе " Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызмет ететін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, ж а р и я сауда-саттықа жіберілген Қазақстан Республикасының резиденттері - заңды тұлғалардың акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын, осы қосымшаның 5.4- жолында көрсетілген акциялар мен депозитарлық		80%	

	қолхаттарды қоспағанда, базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар			
5.4	қор биржасының ресми тізімі " Баламалы" алаңының " акциялар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының акциялары немесе " Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының " Өңірлік акциялар нарығының сегменті" ресми тізімінің шағын бөліміне енгізілген, жария сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар		60%	
5.5	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша " BBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан		100%	

	Республикасының заңды тұлғалары мен шетел эмитенттерінің акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттар			
5.6	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB"-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен шетел эмитенттерінің акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттар		80%	
5.7	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B"-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен шетел эмитенттерінің акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын		60%	

	депозитарлық қолхаттар			
6	Басқа бағалы қағаздар - барлығы, оның ішінде:		X	
6.1	қор биржасының ресми тізіміне енгізілген инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары		70%	
6.2	активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе пайлар бойынша баға белгіленімі негізгі қор индекстеріне байланысты Эксчейндж Трэдэд Фандс Exchange Traded Funds (ETF) пайлары		90%	
6.3	Морнингстар (Morningstar) рейтингтік агенттігінің "3 жұлдыз"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар Эксчейндж Трэдэд Фандс Exchange Traded Funds (ETF), Эксчейндж Трэдэд Коммодитис Exchange Traded Commodities (ETC), Эксчейндж Трэдэд Ноутс Exchange Traded Notes (ETN) пайлары		80%	
	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің			

6.4	бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-дан төмен емес рейтингті немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының исламдық қаржыландыру құралдары	100%	
6.5	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB"-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAA+"-тан "kzA+"-ке дейін рейтингті немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық	90%	

	шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының исламдық қаржыландыру құралдары			
6.6	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B"-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB+"-тен "kzBBB"-ке дейін рейтингті немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының исламдық		80%	

	қаржыландыру құралдары			
6.7	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының исламдық қаржыландыру құралдары		90%	
7	Өзге активтер - барлығы, оның ішінде:		X	
7.1	аффинирленген бағалы металдар және металл депозиттер		100%	
7.2	Бағалы қағаздар эмитенттеріне бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде қарастырылған бағалы қағаздардың айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты туындайтын бағалы қағаздардың номиналды құнын төлеуге қойылатын талаптар (бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің		100%	

	шарттары бойынша мерзімі өтпеген)			
8	Өтімділігі жоғары активтердің жиынтығы			
9	Р Е П О операциялары бойынша міндеттемелер			
10	Қ а й т а сақтандырушының үлесін шегергенде сақтандыру резервтері			
11	Өтімділігі жоғары активтер жеткіліктілігінің нормативі			

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою жөніндегі функция жүктелген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы "____" _____

Қазақстан Республикасы
бейрезидент-сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының және
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-исламдық
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдары филиалдарының
өтімділігі жоғары активтері
туралы есеп нысанына қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының өтімділігі жоғары активтері туралы есеп (индексі – 1-PN_V, кезеңділігі – ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының өтімділігі жоғары активтері туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 12-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Нысанды Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары (бұдан әрі – филиал) ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады.

4. Нысанның құндық көрсеткіштерін толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді. Пайыздағы көрсеткіштер үтірден кейін екінші таңбаға дейін көрсетіледі.

5. Нысанға басшы немесе есепке қол қою жөніндегі функция жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

6. Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің есептеу әдістемелері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22231 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (

қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 17 ақпандағы № 32 қаулысына (бұдан әрі – Әдістемелер) сәйкес айқындалады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

7. Нысанды толтыру мақсаты үшін Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің рейтингтік бағаларынан басқа Мудис Инвесторс Сервис (Moody's Investors Service), Фич (Fitch), Эй. Эм. Бэст (A.M. Best) және Морнингстар (Morningstar) агенттіктерінің де, сондай-ақ Әдістемелерге сәйкес олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының рейтингтік бағалары пайдаланылады.

8. Қаржы құралы Нысанда белгіленген екі немесе одан көп өлшемшартқа сәйкес келген жағдайда қаржы құралының санатын филиал дербес белгілейді.

9. 3-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнтізбелік күнінің соңындағы жағдай бойынша баланстық құны көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. 9-жолда РЕПО операциялары бойынша міндеттемелер көрсетіледі.

11. 10-жолда "Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 13 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18290 болып тіркелген) бекітілген Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген соңғы есепті айдың соңындағы қайта сақтандырушының үлесін шегергенде филиалдың сақтандыру резервтерінің сомасы көрсетіледі.

12. 11-жолда филиалдың өтімділігі жоғары активтерінің қайта сақтандырушының үлесін шегергенде сақтандыру резервтеріне қатынасына тең өтімділігі жоғары активтер жеткіліктілігінің нормативі көрсетіледі.

Қаулыға
7-қосымша

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 12-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының (бұдан әрі – Филиалдар) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну тәртібі айқындалады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Пруденциялық нормативтерді орындау туралы есептілікті ұсыну тәртібі

2. Филиалдар Ұлттық Банкке пруденциялық нормативтерді орындау туралы есептілікті электрондық форматта ұсынады.

Есепті күндегі жағдай бойынша пруденциялық нормативтерді орындау туралы есептілікке басшы немесе есепке қол қою жөніндегі функция жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

3. Филиалдар күн сайын әрбір бағалы қағаз, эмитент, қайта сақтандыру ұйымы, исламдық қайта сақтандыру ұйымы, екінші деңгейдегі банк, сондай-ақ "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының бағалы қағаздарының және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызмет ететін қор биржасындағы (бұдан әрі - қор биржалары) жария сауда-саттыққа жіберілген бағалы қағаздардың санаты бойынша рейтингтік бағалар мониторингін жүзеге асырады. Есептеулерді жүзеге асырған және есептерді ұсынған кезде есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша қор биржаларының бағалы қағаздарының рейтингтік бағасы мен санаты пайдаланылады.

4. Егер пруденциялық нормативтерді орындау туралы есептілікті ұсыну мерзімі демалыс (мереке) күніне келетін болса, онда пруденциялық

нормативтерді орындау туралы есептілікті ұсыну күні одан кейінгі жұмыс күні болып есептеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ